

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Асилова А.С., Нұрғазина Ә.М.

ҚОР НАРЫҒЫ ЖӘНЕ БИРЖА ІСІ

гlossарий және тапсырмалар

ГЛОССАРИЙ

Акция – акционерлік қоғаммен шығарылатын және акционерлік компанияны басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд алуға және акционерлік компанияның таратылуы кезінде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқығы бар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз

Андеррайтер – брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру бойынша қызметтер көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы

Акцияның номиналды құны – акциялар құрылтайшылар арасында орналастырылатын (жалғыз құрылтайшымен төленетін), барлық жай және артықшылықты акциялар үшін бірыңғай және акционерлік компанияның құрылтайшылық келісім-шартымен (жалғыз құрылтайшының шешімімен) анықталатын баға. Орналастыру құны бағалы қағаздардың алғашқы нарығында акцияларды орналастыру кезінде анықталады.

Атаулы бағалы қағаз – онда аталған тұлғаның құқықтарын куәландыруын растайтын бағалы қағаз

Бағалы қағаздарды номиналды ұстау – бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және олардың есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді орындау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркеу.

Бағалы қағаздардың алғашқы нарығы – эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама нарығында өзі бұрын сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарын бұдан әрі орналастыруын қоспағанда, эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы. Шын мәнінде, алғашқы

нарықта эмитент өзінің бағалы қағаздарын шығару және орналастыру арқылы қаржыландырылады

Бағалы қағаздардың қайталама нарығы – орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы үдерісінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы – өз қызметін бағалы қағаздар нарығында лицензия негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға

Борыштық бағалы қағаз – бағалы қағаз, қарыздың негізгі сомасын осы бағалы қағаздарды шығару шарттарында қайтару бойынша эмитенттің (борышкердің) міндеттемесін куәландыратын бағалы қағаз

Бірыңғай тіркеуші – бұл акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық формасында құрылған, дауыс беретін акцияларының елу процентінен астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізетін мамандандырылған коммерциялық емес ұйым

Кастодиан – қаржылық құралдар мен клиенттер ақшасын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттық қаржылық құралдарын сақтауды өзіне міндеттемелер ретінде қабылдай отырып, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушы. Қор нарығында кастодиандық қызмет және сейфтік операциялар жасауға лицензиясы бар банктер мен ҚРҰБ жүзеге асыруға құқылы

Қаржылық актив – келесілерді білдіретін кез келген актив:

- ақша;
- басқа ұйымның борыштық құралы;
- басқа ұйымнан ақша немесе өзге де қаржылық активті алуға келісім-шарттық құқық;
- басқа ұйымнан қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді айырбастауға келісім-шарттық құқық және т.б.

Қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша клиринг қызметі – қаржылық құралдармен мәмілелерге қатысушылардың

талаптары немесе міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру үдерісі

Қаржылық міндеттеме – келесілерді білдіретін кез келген міндеттеме:

- басқа ұйымға ақша немесе өзге де қаржылық активтерді ұсынуға келісім-шарттық міндеттеме;
- басқа ұйымнан қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді айырбастауға келісім-шарттық міндеттеме және т.б.

Қор биржасы – акционерлік компанияның ұйымдық-құқықтық формасында құрылған, дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес проценті уәкілетті органға тиесілі, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға

Листинг – бағалы қағаздарды қор биржасындағы ресми сауда-саттыққа жіберу және баға белгілеу парағына қосу, сонымен қатар бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізу процедурасы

Маркет-мейкер – қандай да бір атаудағы қаржылық құралдар бойынша маркет-мейкер ретінде танылған, соған сәйкес осы атаудағы қаржылық құралдарды сатып алудың және сатудың міндетті белгіленімдерін жариялау мен қолдау міндеті жүктелген биржа мүшесі

Облигация – шығарылымы кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарушы тұлғадан ол бойынша сыйақы және оның айналыс мерзімі аяқталған соң номиналды құнды алуға құқықты куәландыратын бағалы қағаз

Облигацияларды өтеу – эмитенттің орналастырылған облигацияларды сыйақы және облигацияның номиналды құнын төлеу (кейіннен сату мақсатынсыз) немесе оны облигациялар шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен сол эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау арқылы айналымнан алып қою жөніндегі іс-әрекеті

Облигацияның номиналды құны – облигацияның шығарылған кезде анықталатын құнының ақшалай көрінісі, оған купондық

облигация бойынша процентпен көрсетілген сыйақы есептеледі, сондай-ақ оны сатып алған кезде облигация иесіне төленуге тиісті сома

Опцион – бір тарап (опционды сатушы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта базалық активті келісілген баға мен шарттар бойынша сату немесе сатып алу құқығын сататын туынды қаржылық құрал

Орталық депозитарий – Қазақстан Республикасының аумағында депозитарийлік қызметті жүзеге асыратын бірден-бір мамандандырылған коммерциялық емес ұйым. ОД клиенттер арасындағы есеп айырысуларды жүзеге асыратын орталықтандырылған ұйымдастыру қызметтерін атқарады; қаржылық құралдар бойынша табысты төлеу кезінде және оларды өтеу кезінде; эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша ақша аударымын жүзеге асыру үшін клиенттердің банктік шоттарын ашу бойынша, сонымен қатар табысты төлеу кезінде ақшаны алу және қаржылық құралдарды өтеу қызметін атқарады

Своп – бұл құралдың шегінде болашақта келісілген шарттарда базалық активтер бойынша төлемдерді немесе базалық активтерді айырбастау туралы тараптар келісетін туынды қаржылық құрал

Төлем агенті – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым

Трансфер-агент – өз клиенттерінің арасында құжаттар (ақпараттар) қабылдау мен беру бойынша қызмет көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы – эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржылық құралдардың олармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын айналым саласы

Ұйымдастырылмаған қор нарығы – бағалы қағаздардың және өзге де қаржылық құралдардың айналым саласы, онда бағалы қағаздармен және өзге де қаржылық құралдармен, оның ішінде шетел валюталарымен және туынды қаржылық құралдармен жасалатын

мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады

Үлестік бағалы қағаз – бағалы қағаз, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оның иесінің мүліктегі белгілі бір үлеске құқығын куәландыратын бағалы қағаз

Фьючерс – тек ұйымдастырылған нарықта айналыста болатын, сатып алушысы (немесе сатушысы) белгілі бір уақыт өткен соң ұйымдастырылған нарықтағы стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алуға (немесе сатуға) міндетті қабылдайтын туынды қаржылық құрал

Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісі – эмитент туралы, оның қаржылық жағдайы, сатылады деп болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, олардың шығарылымы, орналастырылуы, айналымда болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпараттарды қамтитын құжат

Эмиссиялық консорциум – эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру бойынша қызмет көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған андеррайтерлер бірлестігі

Эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға

ТАПСЫРМАЛАР

№ 1

Инвестор А компаниясының номиналды құны 1 000 теңге болатын 100 облигациясын сатып алды. Купон жылдық кірістің 13%-ін құрайды, облигациялардың айналым мерзімі – 4 жыл.

Инвестордың 4 жыл ішінде алатын облигацияларының теңгедегі кірістерінің жалпы сомасын анықтаңыз. Купондық төлемдерді жылына екі рет – маусым мен желтоқсан айларында есептеген кезде төлеу кестесін құрыңыз.

№ 2

Инвестор А компаниясының номиналды құны 1 000 теңге болатын 100 облигациясын сатып алды. Купон жылдық кірістің 11%-ін құрайды, облигациялардың айналым мерзімі – 5 жыл.

Инвестордың 5 жыл ішінде алатын облигациялардың теңгедегі кірістерінің жалпы сомасын анықтаңыз. Инфляцияның орташа деңгейі жылына 7% болған жағдайда инвестордың нақты кірісін есептеңіз.

№ 3

Инвестор А компаниясының номиналды құны 3 000 теңге болатын 200 облигациясын сатып алды. Купон жылдық соманың 9%-ін құрайды, облигациялардың айналым мерзімі – 13 жыл.

Инвестордың 13 жыл ішінде алатын облигациялардың теңгедегі кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 4

Инвестор А компаниясының номиналды құны 15 теңге болатын 5 000 облигациясын сатып алды. Облигациялар бойынша жеңілдік 7%-ті құрайды, облигациялардың айналыс мерзімі – 1 жыл. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 5

Инвестор А компаниясының номиналды құны 14 теңге болатын 2 000 облигациясын сатып алды. Облигациялар бойынша жеңілдік 15%-ті құрайды, облигациялардың айналыс мерзімі – 7 жыл. Инвестор облигацияларды өтеу кезінде алатын облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз. Инвестордың орташа жылдық табыс деңгейін есептеңіз.

№ 6

Инвестор А компаниясының номиналды құны 17 теңге болатын 1 000 облигациясын сатып алды. Облигациялар бойынша жеңілдік 20%-ті құрайды, облигациялардың айналыс мерзімі – 1 жыл. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 7

Инвестор қайталама нарықта А компаниясының 100 облигациясын номиналға (үстемемен) 110% бағада сатып алды (толықтырумен).

Облигациялардың сипаттамалары келесідей: облигациялардың айналыс мерзімі – 3 жыл, бір облигацияның номиналды құны – 1 100 теңге, купон – жылдық 20%. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 8

Инвестор қайталама нарықта А компаниясының 100 облигациясын номиналға (үстемемен) 105% бағада сатып алды.

Инвестор облигацияларды сатып алған кезде облигациялар бойынша купондық төлемдер жүзеге асырылмады. Облигациялардың сипаттамасы мынадай: облигациялардың айналыс мерзімі – 6 жыл, бір облигацияның номиналды құны – 1 000 теңге, купон – жылдық 20%. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 9

Инвестор қайталама нарықта А компаниясының 15 облигациясын номиналға (үстемемен) 120% бағада сатып алды.

Инвестор облигацияларды сатып алған кезде облигациялар бойынша купондық төлемдер жүзеге асырылмады. Облигациялардың сипаттамасы мынадай: облигациялардың айналыс мерзімі – 2 жыл, бір облигацияның номиналды құны – 2000 теңге, купон – жылдық 20%. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 10

Инвестор қайталама нарықта А компаниясының 1 000 облигациясын номиналға (үстемемен) 90% бағада сатып алды.

Инвестор облигацияларды сатып алған кезде облигациялар бойынша купондық төлемдер жүзеге асырылмады. Облигациялардың сипаттамасы мынадай: облигациялардың айналыс мерзімі – 3 жыл, бір облигацияның номиналды құны – 1 000 теңге, купон – жылдық 15%. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 11

Инвестор қайталама нарықта А компаниясының 10 облигациясын номиналға (үстемемен) 85% бағада сатып алды.

Инвестор облигацияларды сатып алған кезде облигациялар бойынша купондық төлемдер жүзеге асырылмады. Облигациялардың сипаттамасы мынадай: облигациялардың айналыс мерзімі – 3 жыл, бір облигацияның номиналды құны – 1 000 теңге, купон – жылдық 30%. Инвестордың облигацияларды өтеу кезінде облигациялардың теңгемен алатын кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 12

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Банк ЦентрКредит» АҚ	150	146	156
2	KAZ Minerals PLC	150	400	430
3	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	100	40, 80	40, 15

№ 13

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Банк ЦентрКредит» АҚ	200	146	156
2	KAZ Minerals PLC	200	400	430
3	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	200	40, 80	40, 15
4	«Кселл» АҚ	1000	1 345	1 380
5	«KEGOC» АҚ	300	557	579
6	«АТФ банк» АҚ	100	247	238
7	«Казактелеком» АҚ	300	10 000	10 185
8	«КазТрансОйл» АҚ	500	715	726
9	«ҚазМұнайГаз» Барлау-Өндіру АҚ	100	10 100	10 000

Инвестор 1 – «Банк ЦентрКредит» АҚ, KAZ Minerals PLC, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ, «Кселл» АҚ

Инвестор 2 – «KEGOC» АҚ, «АТФ банк» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазтрансойл" АҚ, «Қазмұнайгаз «Барлау Өндіру» АҚ.

№ 14

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Банк ЦентрКредит» АҚ	250	146	156
2	KAZ Minerals PLC	350	400	430
3	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	280	40, 80	40, 15
4	«Кселл» АҚ	350	1 345	1 380
5	«KEGOC» АҚ	450	557	579
6	«АТФ банк» АҚ	650	247	238
7	«Казактелеком» АҚ	1000	10 000	10 185
8	«КазТрансОйл» АҚ	650	715	726
9	«ҚазМұнайГаз» Барлау-Өндіру АҚ	500	10 100	10 000

№ 15

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Қазахтелеком» АҚ	500	10 000	10 185
2	«ҚазТрансОйл» АҚ	500	715	726
3	«ҚазМұнайГаз» Барлау-Өндіру АҚ	500	10 100	10 000

№ 16

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз. Инвесторлардың табыстылығын салыстырыңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Банк ЦентрКредит» АҚ	150	146	156
2	KAZ Minerals PLC	450	400	430
3	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	150	40, 80	40,15
4	«Кселл» АҚ	150	1 345	1 380
5	«KEGOC» АҚ	650	557	579
6	«АТФ банк» АҚ	150	247	238
7	«Қазахтелеком» АҚ	150	10 000	10 185
8	«ҚазТрансОйл» АҚ	400	715	726
9	«ҚазМұнайГаз» Барлау-Өндіру АҚ	400	10 100	10 000

Инвестор 1 – «Банк ЦентрКредит» АҚ, KAZ Minerals PLC, «Қазақстан Халық жинақ банкі».

Инвестор 2 – «Кселл» АҚ, «KEGOC» АҚ, «АТФ банк» АҚ.

Инвестор 3 – «Қазақтелеком» АҚ, «Қазтрансойл» АҚ, «Қазмұнайгаз «Барлау Өндіру» АҚ.

№ 17

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Банк ЦентрКредит» АҚ	200	146	156
2	KAZ Minerals PLC	300	400	430
3	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	1000	40, 80	40, 15
4	«Кселл» АҚ	1000	1 345	1 380
5	«KEGOC» АҚ	100	557	579
6	«АТФ банк» АҚ	150	247	238
7	«Қазақтелеком» АҚ	120	10 000	10 185
8	«ҚазТрансОйл» АҚ	150	715	726
9	«ҚазМұнайГаз» Барлау-Өндіру АҚ	100	10 100	10 000

Инвестор 1 – «Кселл» АҚ, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ, «KEGOC» АҚ.

Инвестор 2 – «Банк ЦентрКредит» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазмұнайгаз «Барлау Өндіру» АҚ.

Инвестор 3 – «KEGOC» АҚ, «Кселл» АҚ, «Қазтрансойл» АҚ.

№ 18

Қазақстан қор биржасында инвесторлар келесідей қазақстандық эмитент – компаниялардың жай акцияларын сатып алды. Инвесторлар сатып алынған акцияларды сатады. Сатып алынған/сатылған акциялар саны және олардың бағасы туралы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Инвесторлардың пайдасын/шығынын анықтаңыз:

№	Эмитенттің атауы	Акциялар саны, дана	Сатып алу бағасы, 1 акцияға теңге	Сату бағасы, 1 акцияға теңге
1	«Кселл» АҚ	500	1 345	1 380
2	«KEGOC» АҚ	500	557	579
3	«АТФ банк» АҚ	500	247	238
4	"Қазмұнайгаз "Барлау Өндіру" АҚ	500	10 100	10 000

№ 19

Инвестор А компаниясының номиналды құны 1 000 теңге болатын 300 облигациясын сатып алды. Купон жылдық кірістің 10%-ін құрайды, облигациялардың айналым мерзімі – 2 жыл.

Инвестор 2 жыл ішінде алатын облигациялардың теңгедегі кірістерінің жалпы сомасын анықтаңыз.

№ 20

Инвестор Қаржы Министрлігінің номиналды құны 100 теңге болатын 500 купондық облигациясын сатып алды. Жеңілдік – жылына 10%, айналым мерзімі – 9 ай.

Инвестор өтеу кезінде алатын облигациялардың теңгедегі кірісінің жалпы сомасын анықтаңыз.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

АҚ	–	акционерлік қоғам
IPO	–	initial public offering
KASE	–	Қазақстан қор биржасы
PPO	–	primary public offering
SPO	–	secondary public offering
WFE	–	World Federation of Exchanges / Қор биржаларының дүниежүзілік федерациясы
ААБЖ		акша аударудың банкаралық жүйесі
АҚШ ҚЕС	–	АҚШ-тың қаржылық есептілік стандарттары
БАҚ		бұқаралық ақпараттар құралы
БЕАҚО		банкаралық есеп айырысудың Қазақстандық орталығы
БЖЗҚ	–	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
БҚ	–	бағалы қағаздар
БҚН	–	бағалы қағаздар нарығы
БН	–	биржа нарығы
Долл.	–	АҚШ доллары
ЕДБ	–	екінші деңгейдегі банк/банктер
ЕСЖ	–	«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы»
ЖШС	–	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Кәсіби қатысушы	–	қор нарығының кәсіби қатысушысы
КЕХС	–	қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
ҚРҰБ	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
МБҚ	–	мемлекеттік бағалы қағаздар
ОД	–	бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ	–	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
«Халықтық IPO» бағдарламасы / бағдарлама	–	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін қор нарығына шығару бағдарламасы

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлімі) (24 қараша 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).
2. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2 маусым 2003 жылғы № 461-ІІ (03 желтоқсан 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 4 шілде 2003 жылғы № 474-ІІ (24 қараша 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 16 мамыр 2014 жылғы № 202-V (14 қаңтар 2016 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Акционерлік қоғамдар туралы» 13 мамыр 2003 жылғы № 415-ІІ (24 қараша 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
6. 8 желтоқсан 2009 жылғы № 2042 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген биржалық сауданың типтік ережелері
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 22 қазан 2014 жылғы № 189 қаулысымен бекітілген эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар
8. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 27 қаңтар 2012 жылғы № 17 қаулысымен бекітілген сауда-саттық регламенті және растау жүйесі»
9. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 29 ақпан 2012 жылғы № 4 шешімімен бекітілген, репо операцияларын жүзеге асыру ережелері»
10. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 31 қаңтар 2013 жылғы № 2 шешімімен бекітілген туынды қаржылық құралдармен биржалық сауда-саттық ережелері»
11. «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ биржалық кеңесінің 01 қараша 1996 жылғы № 11 (15 наурыз 2013 2013 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген шетел валюталарымен биржалық сауда-саттық ережелері
12. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген автоматты репо нарығының спецификациясы 14 ақпан 2014 жылғы № 20.
13. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің 29 желтоқсан 2004 жылғы № 29 (28 наурыз 2014 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) қаулысымен бекітілген Сауда-саттықты өткізу әдістері туралы ереже.

14. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі № 135/1 (2014 жылғы 21 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген қор нарығының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі
15. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 96 (2014 жылғы 10 желтоқсандағы өзгертулермен) шешімімен бекітілген клирингтік қызметтерге қабылданған қаржы құралдарының тізбесі
16. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 2015 жылғы 08 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген қаржы құралдарымен операциялар бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері
17. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген клирингке қатысушылар туралы ереже
18. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің 2009 жылғы 5 қарашадағы № 29 (а) (2015 жылғы 10 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген листингтік ережелер
19. «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ валюта нарығы бойынша биржалық кеңесі комитетінің 1999 ж. 24 тамыздағы № 6 (2015 ж. 8 қазандағы өзгертулер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген, шетел валютасындағы сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысу жүргізу ережелері
20. Найман Э.Л. Малая энциклопедия трейдера. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2006. – 7-е изд. – 403.
21. Миркин Я.М. Рынок ценных бумаг России: воздействие фундаментальных факторов, прогноз и политика развития. – М.: Альпина Паблишер, 2002. – 624 с.
22. Ческидов Б.М. Модели рынков ценных бумаг. – СПб.: Питер, 2006.
23. Арсеньев В. Руководство по российскому рынку капитала. – М.: Альпина Паблишер, 2001. – 280 с.
24. Рынок облигаций. Курс для начинающих (Серия «Reuters для финансистов») / Пер. с англ. – М.: Альпина Паблишер, 2003. – 337 с.
25. History of the Chicago Mercantile Exchange by Everette V. Haggis
26. Худайбергенов О. Почем акции для народа // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2012. № 6. – С. 30-33.
27. Мертенс А. Инвестиции. Курс лекций по современной финансовой теории. – К.: Киевское инвестиционное агентство, 1997. – 416 с.
28. Дорнбуш М., Фишер С. Макроэкономика/ Пер. с англ. – М: Изд-во МГУ: ИНФРА-М, 1997.
29. Курс экономической теории: Учебник – 5-е дополненное и переработанное издание – Киров: АСА, 2004. – 832 с.
30. UN Report «World Economic Situation and Prospects 2019» www.un.org/en/development/desa/policy/wesp/wesp.../2019wesp_full_en.pdf - 2020.
31. IMF Report «World Economic Outlook. October 2020» <https://www.imf.org/external/pubs/ft/weo/2020/02/pdf/text.pdf>.

32. World Federation of Exchanges. Full Year Statistics Show 2015 // <http://www.world-exchanges.org>.

Интернет-ресуртар тізімі:

33. www.world-exchanges.org.
34. Биржа туралы. Жалпы мәліметтер // www.kase.kz/ru/general_info.
35. Сандармен KASE-20 жыл // www.edu.kase.kz.
36. Фьючерстер // www.edu.kase.kz.
37. Мемлекеттік бағалы қағаздар // www.edu.kase.kz.
38. Overview of Dow Jones Averages // www.djaverages.com.
39. 01 ақпан 2018 жылға типтік тұсаукесер//www.kase.kz.
40. Қалай инвестор болдым // www.edu.kase.kz.
41. http://studme.org/36751/finansy/optionnye_kontrakty
42. FIA Annual Global Futures and Options Volume: gains in North America and Europe offset declines in Asia-Pacific//www.fimag.fia.org.
43. Қазақстан Ұлттық банктің ресми интернет-ресурсы. <https://nationalbank.kz/kz>
44. Статистика//www.kase.kz/ru/statistics
45. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсы. <https://www.finreg.kz>
46. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайты www.gov.kz